



Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtıq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtıq jýrnal №4 (67)-2021

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
– (төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Ишсков К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Казиев З.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Финк Д.А. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Редактор – Колтубаева Г.Б.
Беттеуші – Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы.....7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӘРПЕКОВ Қазақстан Республикасында

ғылыми құқықтық сараптама институтын
ұйымдастырудың қазіргі заманғы
новеллалары туралы13

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Қазіргі кезеңде Қазақстан
Республикасында өзін-өзі басқару институтын
дамытуды қамтамасыз етудің құқықтық негіздері.....21

С.К. УКИН Қазақстан Республикасының
егемендігі мен тәуелсіздігі кезеңіндегі құқықтық
жүйеде мемлекет рұқсат еткен әдет-ғұрыптардың
құқықтық табиғатын теориялық
және әдіснамалық талдаудың кейбір
мәселелері31

Б.Ө. АЛТЫНБАСОВ*, А.Р. БАЯНБАЕВА
Заманауи жоғары оқу орындарын қалыптастыруда
жер мәселесінің рөлі мен маңыздылығы: саяси
және құқықтық аспектілері40

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

М.А. ЕСТЕМИРОВ Сот практикасындағы
бірізділік талабының сақталынбауы - қоғамның
сот билігіне деген сеніміне жасалған елеулі соққы54

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

К.Х. РАХИМБЕРДИН*, М.Р. ГЕТА Қазақстан
Республикасының заңнамасы бойынша террористік
және экстремистік қылмыстар жасаған адамдарды
әкімшілік қадағалау: құқықтық реттеудің
кейбір аспектілері.....61

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Қылмыстық және
азаматтық сот ісін жүргізудегі мерзімдердің
парасаттылығы мәселелері Халықаралық құқық
және салыстырмалы құқықтану71

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

Е.В. КРАВЧЕНКО*, Б. ШЛОЕР Германияның
Негізгі заңының 5-бабы мәнмәтініндегі
ар-намысқа нұқсан келтіру туралы істердегі
моральдық зиянды өтеу79

А.А. СӘЛІМГЕРЕЙ Каспий акваториясына
теңіз құқығы бойынша халықаралық
келісімдерді қолдану шарттары87

Құқықтық мониторинг

А.Ғ. ҚАЗБАЕВА, А.Ө. ҚАЛИЕВА*

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы»

Қазақстан Республикасының Заңын жетілдірудің
кейбір мәселелері (сауда мақсатында теңізде жүзу
саласындағы заңнаманы талдау нәтижелері) 97

А.Б. ҚАЙЖАҚПАРОВА, О.С. ҚАРАХОЖАЕВ* Салалық заңнама
жүйесіндегі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін
институционалдық нығайту тәсілдері..... 108

Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан

А.А. МЕДИНАЕВА Ғылыми лингвистикалық сараптаманың
маңызы мен рөлі..... 118

Жас ғалым мінбері

Б.Т. ТЛЕУЛЕСОВА ҚР Конституциялық Кеңесінің құқықтық
ұстанымдары: конституциялық құқықтық реттеудегі мәні, заңдылық
белгілері және маңызы 124

М.Е. САҒЫНАЕВ, Ә.Т. БАЙЗАҚОВ* Италияндық романист
Антонио Гуариноның жазбаларындағы *ius publicum romanum* ұғымы 136

«Жаршының» архивтегі беттері

Н.Н. ИСАҚ Доцент Н.М. Примашевтың Қазақстан Республикасының
Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) мен кейбір салалық заңнамадағы
терминдік көпнұсқалылық: құқықтық-лингвистикалық тәсілдеме
туралы ғылыми жарияланымына қайта оралғанда 145



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №4 (67)-2021

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный дея-
тель Казахстана (Нур-Султан, Казахстан)
– (председатель)
Абайдылинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M (Нур-Султан,
Казахстан)
Ишеков К.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – LL.M (Нур-Султан,
Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Камен-
огорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Финк Д.А. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ О современных новеллах
организации института научной правовой
экспертизы в Республике Казахстан..... 13
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы
обеспечения развития института местного
самоуправления в Республике Казахстан
на современном этапе21

С.К. УКИН Некоторые вопросы теоретико-
методологического анализа правовой природы
обычаев, санкционированных государством
в правовой системе Республики Казахстан
периода суверенитета и независимости.....31

Б.О. АЛТЫНБАСОВ*, А.Р. БАЯНБАЕВА
Роль и значение земельных вопросов
в формировании современных вузов:
политические и правовые аспекты.....40

Гражданское и гражданско-процессуальное право

М.А. ЕСТЕМИРОВ Несоблюдение единообразия
в судебной практике как удар по доверию
общества к судебной ветви власти54

Уголовное право и уголовный процесс

К.Х. РАХИМБЕРДИН*, М.Р. ГЕТА
Административный надзор за лицами,
совершившими террористические и экстремистские
преступления по законодательству Республики
Казахстан: некоторые аспекты правового
регулирования61

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Вопросы
разумности сроков в уголовном
и гражданском судопроизводстве71

Международное право и сравнительное правоведение

Е.В. КРАВЧЕНКО*, Б. ШЛОЕР Компенсация
морального вреда в делах об умалении чести.....79
в контексте ст. 5 Основного закона Германии
А.А. САЛИМГЕРЕЙ Условия применения
международных соглашений по морскому праву
к акватории Каспия87

СОДЕРЖАНИЕ

Правовой мониторинг

А.Г. КАЗБАЕВА, А.У. КАЛИЕВА* Некоторые вопросы совершенствования Закона Республики Казахстан «О торговом мореплавании» (результаты анализа законодательства в сфере торгового мореплавания) 97

А.Б. КАЙЖАКПАРОВА, О.С. КАРАХОЖАЕВ* Подходы к институциональному укреплению государственных символов независимого Казахстана в системе отраслевого законодательства 108

Из практики законотворчества на государственном языке

А.А. МЕДИНАЕВА Значение и роль научной лингвистической экспертизы 118

Трибуна молодого ученого

Б.Т. ТЛЕУЛЕСОВА Правовые позиции Конституционного Совета РК: сущность, юридические признаки и значение в конституционном правовом регулировании 124

М.Е. САГИНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ* Понятие *ius publicum romanum* в трудах итальянского романиста Антонио Гуарино 136

Архивные страницы «Вестника»

Н.Н. ИСАК Возвращаясь к научной публикации доцента Н.М. Примашева о терминологической поливариантности Особенной части Гражданского кодекса Республики Казахстан и некоторых отраслевых законодательств: правовая лингвистическая методология 145



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №4 (67)-2021

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Murmetov G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurgazinov B. K. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**

Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV On innovations in organization of the institute of academic legal expertise in the Republic of Kazakhstan 13

L.T. ZHANUZAKOVA Legal framework for development institute of local self-government in the Republic of Kazakhstan at a modern stage 21

S.K. UKIN Certain issues of theoretical and methodological analysis of the legal nature of customs sanctioned by the State in the legal system the Republic of Kazakhstan during the period of sovereignty and independence 31

B.O. ALTYNBASOV*, A.R. BAYANBAYEVA The role and importance of land issues in the establishment of modern universities: political and legal aspects 40

Civil and Civil Procedure Law

M.A. YESTEMIROV Non-compliance with uniformity in judicial practice as a blow to public confidence to the judicial branch 54

Criminal law and Criminal procedure

K.K. RAKHIMBERDIN*, M.R. GETA Administrative supervision of persons committing terrorist and extremist crimes under the law of the Republic of Kazakhstan: some aspects of legal regulation 61

E.N. KALIAKPEROVA Questions of the reasonableness time in criminal and civil proceedings 71

International law and Comparative law

E.V. KRAVCHENKO*, B. SCHLOER Non-pecuniary damage compensation in cases of infringement of honour in the scope of article 5 of the Basic law of Germany 79

A.A. SALIMGEREY Conditions for the application of international agreements on the law of the sea to the Caspian Sea 87

Legal monitoring

A.G. KAZBAYEVA, A.U. KALIYEVA* Certain improvement issues the Law of the Republic of Kazakhstan «On Merchant Shipping» (results of the analysis of legislation in the field of merchant shipping) 97

CONTENT

A.B. KAIZHAKPAROVA, O.S. KARAKHOZHAYEV* Approaches to institutional strengthening state symbols of independent Kazakhstan in the system of industry legislation.....	108
From the lawmaking practice in the official language A.A. MEDINAYEVA The significance and role of scientific linguistic expertise	118
Young researchers' tribune B.T. TLEULESOVA Legal positions of the Constitutional Council of the RK: essence, legal signs and significance in the constitutional legal regulation.....	124
M.E. SAGINAYEV, A.T. BAIZAKOV* The concept of ius publicum romanum in the writings of the italian novelist Antonio Guarino	136
The archive pages of the «Bulletin» N.N. ISSAK Returning to the publication of assistant professor N. Privashev on the terminological multiplicity of the Special part of the civil code of the Republic of Kazakhstan and some sectoral legislation: legal linguistic methodology.....	145

УДК 343.982.4(574)

ҒЫЛЫМИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

Ақерке Аманқызы Мединаева

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат
институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: m_akerke@mail.ru

Аннотация. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында нормативтік құқықтық базаны қазақ тілінде қалыптастыру қиындықтар туғызды. Қазақ тіліндегі заң стилінің жеткілікті дәрежеде қалыптаспауы, орыс тілінде әзірленген жобаларды қазақ тіліне аударуды қамтамасыз ететін аудармашылардың жетіспеуі және олардың құқықтық білімінің төмен болуы, аударма жасауға берілетін уақыттың тығыздығы бұған себеп болды.

Кез келген құқықтық актіде белгілі бір терминдер мен ұғымдарды аудару кезінде олардың бірнеше нұсқасын қолдануға жол берілмейді, өйткені олар түпмәтінге қарай әртүрлі түсінілуі немесе қолданылуы мүмкін әрі құқық қолдану процесінде қиындық туғызады немесе қолданушыларды жаңылыстырады.

Осыған байланысты орын алған тілдік кемшіліктерді түзету кезінде белгілі бір әдебиетті зерделеу және орыс тіліндегі терминдердің мағынасын түсіну талап етіледі. Оның үстіне, мұндай қателерді анықтау, оларды түзету, кейіннен олардың қолданылуына жол бермеу қазақ заңнама тілінің қалыптасуына зор үлес қосады.

Мақалада қолданыстағы заңнамада, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі мәтінінде орын алған лексикалық және стилистикалық қателер көрсетілген. Сонымен қатар қазақ тіліндегі мәтіннің дұрыс түсінілмеуіне әкеп соққан, үш түрлі ұғымның мағынасы ашылады. Одан басқа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің кейбір баптарында «сведения» сөзінің аудармасы ретінде қолданылған «мәлімет» және «мағлұмат» сөздерінің айырмашылығы көрсетіліп, кодекс мәтінінде бірізділік сақталмағаны атап өтіледі. Осыған байланысты келтірілген баптардың редакциясын лексикалық және стилистикалық жағынан түзету олардың дұрыс түсінілуіне және қолданылуына септігін тигізеді әрі кодекстің қазақ тіліндегі мәтініндегі кемшілікті жояды.

Түйін сөздер: нормативтік құқықтық база, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, заң тілі.

ЗНАЧЕНИЕ И РОЛЬ НАУЧНОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ

Мединаева Акерке Амановна

Ведущий научный сотрудник Центра лингвистики Института
законодательства и правовой информации Республики Казахстан,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан, e-mail: m_akerke@mail.ru

Аннотация. В первые годы независимости Республики Казахстан формирование нормативной правовой базы на казахском языке было непростым. Причин этому несколько: недостаточная сформированность юридического языка на казахском языке, нехватка переводчиков, обеспечивающих перевод проектов, разработанных на русском языке, и их неглубокие знания в сфере права, выделение ограниченного времени переводу.

В любом правовом акте недопустимо использование нескольких вариантов при переводе определенных терминов и понятий, поскольку они в зависимости от контекста могут

пониматься или использоваться по-разному, при этом создает трудности при правоприменении или вводит в заблуждение пользователей.

В связи с этим при исправлении имеющихся языковых недоработок требуется изучение определенной литературы и понимание значений терминов на русском языке. Кроме того, выявление таких ошибок, их исправление и недопущение их использования в последующем вносит большой вклад в формирование юридического языка на казахском языке.

В статье изложены лексические и стилистические ошибки, допущенные в действующем законодательстве на примере текста на казахском языке Гражданского кодекса Республики Казахстан. Вместе с тем, в приведенной статье раскрывается значение трех различных понятий, которое привело к разночтению текста на казахском языке. Кроме того, отмечается, что в некоторых статьях Гражданского кодекса Республики Казахстан не соблюдено единообразие в тексте кодекса при переводе слова «сведения», и указывается различие между словами «мәлімет» и «мағлұмат». В связи с этим лексическая и стилистическая корректировка редакций приведенных статей способствует их правильному пониманию и применению и устраняет недостатки в тексте кодекса на казахском языке.

Ключевые слова: нормативная правовая база, Гражданский кодекс Республики Казахстан, юридический язык.

THE SIGNIFICANCE AND ROLE OF SCIENTIFIC LINGUISTIC EXPERTISE

Medinayeva Akerke Amanovna

Leading Researcher of the Center of Linguistics of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, e-mail: m_akerke@mail.ru

Abstract. In the first years of independence of the Republic of Kazakhstan, the formation of a regulatory legal framework in the kazakh language was not easy. There are several reasons for this: insufficient formation of the legal language in kazakh, a lack of translators who provide translation of projects developed in russian, and their shallow knowledge in the field of law, the allocation of limited time for translation.

In any legal act, it is unacceptable to use several variants when translating certain terms and concepts, since they can be understood or used differently depending on the context, while creating difficulties in law enforcement or misleading users.

In this regard, when correcting existing language shortcomings, it is necessary to study certain literature and understand the meanings of terms in russian. In addition, the identification of such errors, their correction and prevention of their use in the future makes a great contribution to the formation of the legal language in the Kazakh language.

The article describes the lexical and stylistic errors made in the current legislation on the example of the text in the kazakh language of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan. At the same time, the article reveals the meaning of three different concepts, which led to a discrepancy in the text in the kazakh language. Moreover, it is noted that in some articles of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan, uniformity is not observed in the text of the code when translating the word “information”, and the difference between the words “malimet” and “maglumat” is indicated. In this regard, the lexical and stylistic correction of the editions of the above articles contributes to their correct understanding and application and eliminates shortcomings in the text of the code in the Kazakh language.

Keywords: regulatory legal framework, Civil Code of the Republic of Kazakhstan, legal language.

Кіріспе. Қалыптасқан тәжірибе бойынша Қазақстан Республикасында орыс тілі ресми қолданылатындықтан, нормативтік құқықтық база орыс тілінде әзірленіп, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне аударылады. Осы тұрғыда заң жобаларына, халықаралық шарт жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу өзекті мәселе болып табылады.

Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 қаулысының талаптары басшылыққа алынады. Мысалы, жоғарыда көрсетілген Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес «нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс. Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды. Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс.»¹

Алайда жоғарыда келтірілген талаптар барлық уақытта сақтала бермейді. Бұған қолданыстағы заңнамадағы тілдік кемшіліктерді, атап айтқанда терминдердің бірізділігін сақтау, құқықтық жүктемесі жоқ сөздердің болмауы, заң техникасының ережелері сақтала отырып жазылуы, әртүрлі түсіндіруге жататын сөздердің болмауы тұрғысынан іргелі және ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізу куә бола алады.

Материалдар мен әдістер. Қазақ тіліндегі қолданыстағы заңнама мәтінінің орыс тіліндегі мәтінге теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету өте күрделі жұмыс болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының

Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі мәтінін қазақ тілінің ережелеріне сәйкес лексикалық, грамматикалық, стилистикалық және пунктуациялық талдау, сондай-ақ құқықтық талдау жұмысы жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – кодекс) Жалпы бөлімі 1994 жылы қабылданған. Бұл тәуелсіздік алған алғашқы жылдар болатын, заң тілі әлі қалыптасып үлгермеген, қазақ тіліндегі нормативтік базаның бастауы болған кодекс. Аталған кодекске жыл өткен сайын реттелетін қоғамдық қатынастарына қарай өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде, сондай-ақ оның мәтіні редакциялық түзету процесінен өтуде.

Атап айтқанда, осы Кодекстің 132-бабының қазақ тіліндегі нұсқасында «индоссамент» және «индоссант» ұғымдары ашылады. Мысалы, аталған баптың 3-тармағының орыс тіліндегі редакциясында: «3. Права по ордерной ценной бумаге передаются путем совершения на этой бумаге передаточной надписи - индоссамента. Лицо, передающее права по ордерной ценной бумаге (индоссант), несет ответственность не только за существование права, но и за его осуществление, за исключением случаев, установленных законодательным актом Республики Казахстан об ипотеке недвижимого имущества.

Индоссамент, совершенный на ценной бумаге, переносит все права, удостоверенные ценной бумагой, на лицо, которому или приказу которого передаются права по ценной бумаге - (индоссата). Индоссамент может быть бланковым (без указания лица, которому должно быть произведено исполнение).

Индоссамент может быть ограничен только поручением осуществлять права, удостоверенные ценной бумагой, без передачи этих прав индоссату (препоручительный индоссамент). В этом случае индоссат выступает в качестве представителя.»² деп көзделген.

Ал қазақ тіліне: «3. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар бұл қағазға берілгенін жазу - индоссамент арқылы беріледі. Ор-

¹ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (Қарау күні: 21.06.2021)

² Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (2021 жылғы 11 қаңтардағы редакция бойынша) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (Қарау күні: 21.05.2021ж.)

дерлік бағалы қағаз бойынша құқық беруші адам (индоссант), жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, құқықтың болуы үшін ғана емес, оның жүзеге асырылуы үшін де жауапты болады.

Бағалы қағазда жасалған индоссамент бағалы қағазбен куәландырылған барлық құқықтарды бағалы қағаз бойынша құқықтар берілетін адамға - (индоссантқа) немесе соның бұйрығына ауыстырады. Индоссамент бланкілік болуы мүмкін (орындауға тиіс адам көрсетілмейді).

Бағалы қағазбен куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру, бұл құқықтарды индоссантқа бермей-ақ (сену индоссаменті) индоссаментке тапсырумен ғана шектелуі мүмкін. Бұл жағдайда индоссант өкіл ретінде әрекет жасайды.» деп аударылған.

Бұл тармақта орыс тіліндегі редакцияда «индоссамент», «индоссант» және «индоссат» деген үш ұғым туралы айтылған, яғни «индоссаментке» түсініктеме беріліп, «индоссант» пен «индоссат» арасындағы өзара іс-қимылдың реті көзделген. Ал қазақ тіліндегі нұсқада «индоссамент» ұғымы дұрыс аударылмаған, оның үстіне тек қана «индоссант» туралы айтылады. Бұл жерде «индоссант» пен «индоссат» ұғымдары орфографиялық тұрғыдан қате жазылған ба, әлде екеуі екі түрлі ұғым ба деген сұрақ туындайды. Оның үстіне, орыс тіліндегі «...на лицо, которому или приказу которого передаются права по ценной бумаге - (индоссата)» тіркесінің де түсінілуі қиынға соғады. Осыған орай Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) түсініктемеде (жауапты редакторлары: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.) 132-баптың қарастырылып отырған 3-тармағына: «...3. Передача прав по ордерной ценной бумаге совершается посредством передаточной надписи (индоссамента). Права, удостоверенные ордерной ценной бумагой с бланковым индоссаментом, могут передаваться вручением правопреемнику ордерной ценной бумаги. Передаточная надпись производится, как правило, на обороте ценной бумаги, а также на прилагаемом к ценной бумаге специальном дополнительном листе.

В отличие от лица, передающего право по именной ценной бумаге, индоссант ответственным не только за недействительность переданного им индоссату права требования, но и за его неисполнение.

4. Индоссамент, не содержащий указания

на лицо, которому или приказу которого передаются права по ордерной ценной бумаге, называется бланковым. Бланковый индоссамент может состоять из одной подписи индоссанта...» деп түсіндірме берілген [1]. Бұл түсіндірменің түпнұсқа тілінде берілуінің өзіндік себебі бар.

Демек, «индоссамент» – ордерлік бағалы қағаз бойынша беру жазбасы – индоссамент арқылы құқықтар берілетіні, ал «индоссант» – ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықты беретін тұлға, яғни индоссамент жасаушы, ал «индоссат» – ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық берілетін, яғни құқықты алатын тұлға түсініледі.

Осылайша, талдау жүргізіліп отырған тармақтың қазақ тіліндегі нұсқасында әрі құқықтық, әрі стилистикалық, әрі лексикалық қатенің орын алғаны айқын.

Сондықтан аталған тармақты былайша редакциялау: «3. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар сол қағаздағы беру жазбасы – индоссамент арқылы беріледі. Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы заңнамалық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықты беретін адам (индоссант), құқықтың болуы үшін ғана емес, сонымен қатар оның жүзеге асырылуы үшін де жауапты болады.

Бағалы қағазда жасалған индоссамент бағалы қағазда куәландырылған барлық құқықтарды бағалы қағаз бойынша құқықтар берілетін адамға немесе бұйрығымен берілетін адамға – индоссатқа ауысады. Индоссамент бланкілік (орындау жүргізілуі тиіс адам көрсетілмей) болуы мүмкін.

Индоссамент бағалы қағазда куәландырылған құқықтарды индоссатқа бермей-ақ (сену индоссаменті) оны жүзеге асыру тапсырмасымен ғана шектелуі мүмкін. Бұл жағдайда индоссат өкіл ретінде әрекет етеді.» құқықтық тұрғыдан түсінікті болары анық.

Осылайша «индоссамент», «индоссант» және «индоссат» ұғымдарының аражігі ажыратылады.

Қарастырылған баптан басқа, Кодекстің 143-бабының орыс тіліндегі мәтінінде «сведения» сөзі қолданылған. Қазақ тіліне дәл осы сөз «мәлімет» және «мағлұмат» деп екі түрлі аударылған. Мысалы, 143-баптың 1-тармағының орыс тіліндегі нұсқасында: «1. Гражданин вправе требовать в судебном порядке опровержения сведений, порочащих его честь, достоинство или деловую репутацию.» делінген. Көрсетілген тармақ

қазақ тіліне: «1. Азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.» деп аударылған. Дәл осы баптың 2-тармағының бірінші абзацында: «2. Если сведения, порочащие честь, достоинство или деловую репутацию гражданина или юридического лица, распространены в средствах массовой информации, они должны быть бесплатно опровергнуты в тех же средствах массовой информации.» деп көзделген. Ал қазақ тіліндегі редакциясында «мәлімет» деген сөздің орнына «мағлұмат» қолданылған: «2. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.». Көрініп тұрғандай, «сведения» сөзі бір баптың өзінде екі түрлі аударылған.

Осы орайда мәлімет және мағлұмат сөздерінің түп-төркіні туралы Қазақ әдеби тілінің сөздігінде (X және XI том) былай делінген: «Мәлімет (ар. *تأمل*) зат. 1. Белгілі бір істің барысы, жайы туралы хабар; мағлұмат. 2. Белгілі бір оқиға не жұмыс жөнінде ауызша немесе жазбаша түрде берілетін ақпарат, дерек. Мәлімет істің жай-күйі, сапасы және т.б. сипаттарға негізделеді.»³

Ал мағлұмат (ар. *تأمل*) зат. 1. Бір нәрсе туралы толық хабар, жан-жақты білім. 2. Ақпарат, мәлімет. 3. Көрген-түйгені, оқыған-тоқығаны.» деп берілген.

Тілдік тұрғыдан берілген сөздер мағынасы жағынан бір-біріне ұқсас болғандықтан, синоним болып табылады, ал бұл заңнама талаптарына қайшы келеді. Дәл осы тармақта және бұдан әрі қарай кодекстің қазақ тіліндегі мәтіні бойынша «сведения» деген сөзді «мәлімет» деп қолдану орынды деп пайымдалады.

Одан басқа, келтірілген екі тармақтың орыс тіліндегі редакциясында септік жалғауы екі түрлі болғанымен, түбірі бір «порочащий» деген сөз қолданылған. Бұл ретте де көрсетілген сөз «кір келтіретін» және «нұқсан келтіретін» деп екі түрлі аударылған. Кір келтіру тіркесінің мағынасы Қазақ әдеби тілінің сөздігінде (VIII том) «Кір келтірді. Ұят жасады, жаманатқа қалдырды, басын қорлады» деп жазылған.

Ал нұқсан келтіру тіркесі туралы Қазақ әдеби тілінің сөздігінде (XI том) «нұқсан (тигізді) келтірді. Зиянын жасады, бұзды, кесірін тигізді, бүлдірді» делінген.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді және қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында «порочащих честь и достоинство» тіркесі «абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін» деп аударылған.

Егер 1-тармақтағы «нұқсан келтіретін мәліметтер» тіркесі мәні бойынша заң тіліне жақындау болса, 2-тармақтағы «кір келтіретін мағлұматтар» көбіне әдеби-көркем шығармаларда қолданылатын тіркес деп пайымдалады. Осыған байланысты 2-тармақтағы тіркесті «нұқсан келтіретін мәліметтер» деп заң тіліне тән сөздермен түзету мақсатқа сай болады.

Сонымен, көрсетілген 143-баптың 1 және 2-тармақтарының бірінші абзацындағы кейбір кемшіліктерді жою мақсатында оларды былайша редакциялау қажет:

«1. Азамат өзінің абыройына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.

2. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның абыройына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.»

Бұл реттегі мақсат талданып жатқан тармақтардағы синоним сөздердің қолданылуына жол бермеу болып табылады. Оның үстіне, қолданыстағы заңнамада терминдерді бірізді қолдану оларды дұрыс ұғыну үшін қажет.

Сонымен қатар кодекстің қазақ тіліндегі редакциясында «заң актілері», «заң құжаттары», «заңнамалық актілер» деген үш ұғым бар. Бұларды «заңнамалық актілер» деп бірізділікке келтіру қажет. Өйткені заңнамада «заң құжаттары» деген ұғым мүлдем жоқ, ал «заң актілері» деген тіркес біртіндеп «заңнамалық актілер» деп ауыстырылып жатыр.

Қорытынды Жоғарыда көрсетілген лексикалық, грамматикалық, стилистикалық талдау ғылыми лингвистикалық сараптаманың мәні мен мақсаты болып табылады. Со-

³ Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том / Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. <https://emle.kz/uploads/files/3a8d45ade341a06df93c290f3454610c.pdf> (қарау күні 22.06.2021ж)

нымен қатар қолданыстағы заңнамада орын алған тілдік қателердің құқықтық салдары болатыны сөзсіз, сондықтан болар қарапайым құқық қолданушы заңнаманың қазақ тіліндегі нұсқасына қарағанда, орыс тіліндегі редакциясына жүгінеді, себебі орыс тілінде түсінікті етіп жазылған. Заңнамадағы қазақ тілінің аударма тіліне айналғанын жоққа шығаруға болмайды. Әйтсе де, нормативтік құқықтық актілер жобаларының қазақ тілін-

де әзірленетініне сенім мол.

Осылайша, қолданыстағы заңнамаға жан-жақты талдау жүргізу орын алған кемшіліктерді жою, терминдерді бірізділікке келтіру бойынша маңызды жұмыс атқаруға мүмкіндік береді. Мұндай талдау жалғасуы тиіс, өйткені мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру арқылы қазақ тіліндегі заң тілінің қалыптасуына, оның өркендеуіне зор ықпал етуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗ

1. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть) (Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750 (қарау күні 23.06.2021ж.)

REFERENCES

1. Kommentarii k Grajdanskomu kodeksu Respubliki Kazahstan (Obaia chast) (Otvettstvennye redaktory: Suleimenov M.K., Basin G.). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750 (qarau küni 23.06.2021j.)

